

2 дәріс. Бұқаралық коммуникация және қоғам.

Бұқаралық коммуникация саясаттың ажырамас бөлігі саналады. Қоғамның басқа да қызмет саласы сияқты саясат әруақыт арнайы ақпараттық алмасу құралдарын, субъектілері арасында тұрақты түрде байланыс орнату мен қолдауды қажет етеді. Биліктің түрлі тасымалдаушылары арасында, мемлекет пен азаматтар арасында қарым-қатынастың жанама формалары мен арнайы құралдарынсыз саясаттың болуы мүмкін емес. Бұл саясаттың күрделі ұйымдастырушылық мақсатты қызметі мен бүкіл қоғамға қатысты топтық мақсат пен мүдделерді жүзеге асыруға қажетті қарым-қатынастың арнайы формасы саналатын ұжымдық табиғатын білдірсе керек. Саясаттағы мақсатты жүзеге асырудағы *ұжымдық сипат* ұжым мүшелері арасындағы (мемлекет, ұлт, топтар, партиялар және т.б.) міндеттерді түйсіну мен адамдар мен ұйымдар қызметін үйлестіру саналады. Осы аталғанның бәрі азаматтардың тікелей қатысуынсыз, өзара қарым-қатынасынсыз әрі көптеген тұлғалардың ерік-жігерінің бірлігі мен бірлесе жұмылуын қамтамасыз ететін арнайы ақпарат тарату құралдарынсыз мүмкін емес. Әрине, бұндай байланыс құралы ретінде бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) атауға болады. Посиндустриалдық қоғамда білім мен ақпараттың билігі қоғамды басқаруда шешуші рөл атқаруда. Жаңа білім мен басқа да саяси мәндегі ақпаратты таратудағы бірден бір құрал осы БАҚ болып отыр.

Биліктің бұқаралық идеология, қоғамдық сана, құндылықтар, мемлекеттік нышандар, доктриналар, ресми нормалар, заң актілерінің, сондай-ақ оппозициялық ойлар мен түрлі акторлардың пікірлерінің қалыптасуы мен қызмет етуі ерекше саяси процестерді құрайды. Оның мәні де хабарламаларды беру мен алмасу есебінен саяси субъектілер өзінің қызметі жайлы түрлі контрагенттерге белгі бере отырып, түрлі саяси рөлдерді атқаруға мүмкіндік беретін қажетті қарым-қатынас пен байланыстар орнатады. Түрлі мәліметтер, деректер мен хабарламалар алмасуда және оларды қолдануда адамдар арасындағы мақсатты қарым-қатынас түрлі деңгейдегі саяси жүйелерді біріктіре отырып, билік институттарының мемлекет пен қоғамды басқару қызметін атқаруға мүмкіндік береді.

Саясатта бүкіл хабарламалар мен үндеулер барлық адамдар үшін бағалы санала бермейді. Атап айтқанда, түрлі ақпараттар ағынынан таңдап алынған мәліметтер олардың мемлекеттік билік саласында қажетті шешім шығаруына не белгілі қызметті атқаруына, сондай-ақ соған сәйкес әрекетке ықпал ететін мәліметті саяси ақпарат дейді. Ақпарат осы мағынасында кез келген саяси субъектінің әрекетінің алғышарты ретінде маңызды саналса, саясат саласында қандай да бір мақсатқа жетуде тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін маңызды ресурс ретінде танылады. Қажетті ақпараттың болуы не болмауы нәтижесінде субъектінің билікке ие болуы не одан айрылуы, сонымен қатар саясат саласында өз мүддесі мен ықпалын арттыруы, жүзеге асыруы мүмкін. Осылайша қажетті ақпаратты алу саясатта әрекет етуші және билікке мүдделі кез келген субъектінің басты мақсатына айналады.

Кез келген мемлекетте хабарламаларды тарату қандай да болмасын техникалық құралдарды пайдалану қажеттігін күн тәртібіне қояды. Сондықтан ақпараттық үдерістер қажетті құрылымдық бөлшектерден тұрады. Оған ақпарат таратылатын (жеткізілетін) техникалық арналар, тек ақпарат таратып не алып қоймастан, сондай-ақ оны жинақтауға, бақылауға, сақтауға және қорғауға мүмкіндік беретін құрылымдар жатады.

Жекелеген тұлғаның ақпаратты әр түрлі қабылдауы, оның мазмұнын белгілі ережелерге, үйреншікті дағдыға, өзіндік қабілетіне қатысты түрліше түсінуі ақпарат алмасу үдерісінде субъектінің хабарламаны саналы түрде қабылдауына әкеледі және бұл ерекше мәнді саналады. Ақпаратты субъектіленген түрде қабылдау, талқылау және игеру аспектісі коммуникация немесе саяси ақпаратты жіберуші (*коммуникатор*) және алушы (*реципиент*) арасындағы мағыналы байланыс орнату процесі деуге болады. Саяси ақпараттың таралуы мен қабылдануын бұлай жіктеудің қажеттігі кез келген ақпарат саяси субъектілер арасында тиісті коммуникация туындата алмайтындығында. Ақпараттық

байланыстардың коммуникативтік аспектілері хабарламалардың алмасуы – бұл реципиенттердің саяси қарым-қатынасқа қатысушы ретіндегі ерекшелігін тәркілей алмайтындығын білдіретін техникалық процесс екендігі байқатады. Іс жүзінде көптеген шешімдер, тіпті мемлекеттік биліктегі шешімдерді алынған ақпаратқа сәйкес шығарудан гөрі саяси жетекшінің ықпалына ыңғайлас шығарылып жатады. Сондықтан алынған ақпарат саяси әрекеттердің факторы емес, тек сол әрекеттердің алғышарты ретінде саналады.

Сонымен, бұқаралық билік саласындағы түрлі мәліметтерді адамдардың қолдануы мен алмасуы тұрғысынан алғанда барлық билік институттары мен механизмдері ақпараттық ағындарды өңдеуші құрал және ақпараттық нарықтағы өзіндік құрылым ретінде танылады деуге болады. Олардың қызметінің тиімділігі ақпараттарды реттеу қабілеті мен басқа субъектілермен мақсатты байланыс орнатуға қатысты болмақ. Ал өз кезінде саяси субъектілер түрлі ақпаратты тасымалдаушы ретінде танылып, өзінің қалпын өзгерте алады.

Жалпы, саясатты ақпараттық-коммуникативтік тұрғыдан қарастырғанда, саяси субъектілердің түрлі рөлдер мен қызметтерді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін ақпараттарды жинауға, алуға және өңдеуге арналған құрылым әрі институт ретінде әлеуметтік тұтастық деп тануға болады. Саясатты ақпараттық алмасудың техникалық компоненттері тұрғысынан алғанда, ақпараттарды мақсатты түрде беруге, алмасуға және қорғауға бағытталған социо-технологиялық құрылым ретінде қарастыруға болады.

Алғаш рет 1950-70 жж. американдық ғалым К. Дойч саяси жүйені ақпараттық-коммуникациялық жүйе ретінде, яғни «ақпараттық-кибернетикалық модель» ретінде ұсынады. Ғалымның бұл зерттеулері Т. Гоббстың жоғарғы билік пен сот және басқа да атқарушы органдарын байланыстыратын саяси коммуникацияны «мемлекеттік басқарудың жүйкелері» атты балама тұжырымына сәйкес келеді.

К. Дойч аталмыш идеяны негізінде «Басқарудың жүйкелері: саяси коммуникация мен бақылау модельдері» атты еңбегінде (1963) саяси жүйені коммуникация және ақпараттық ағындардың желісі ретінде анықтайды. К. Дойч ақпараттық-кибернетикалық әдісі негізінде саяси өмірді кибернетикалық сараптау мен коммуникативтік механизм тұрғысынан талқылауға талпыныс жасайды. Латынның «gubernare» (ағылшынның «government» сөзінің түбірі) және гректің «kubernan» (ағылшынның - «cybernetics») сөздері «басқару өнері» мағынасын беретінін ескерсек, Дойчтың пікірінше, үкімет (мемлекеттік басқарудың субъектісі ретінде) саяси жүйені жүйе мен орта, сондай-ақ сол жүйенің ішіндегі жекелеген бөліктер арасындағы ақпараттық ағындарды реттеу мен өзара коммуникативтік әрекеттерді шоғырландырады.

К. Дойчтың ұсынған тұжырымы соңын ала теориялық тұрғыда екіұшты жалғасын тапты деуге болады. Мәселен, неміс философы Ю. Хабермас саясаттың коммуникативтік әрекеттері мен соған сәйкес элементтеріне (құндылықтар, нормалар, оқыту әрекеттері) басты назар аудара отырып, бұларды әлеуметтік және саяси тәртіптің негіздері ретінде қарастырады. Бұған неміс ғалымы Х. Шельски өзінің «техникалық мемлекет» идеясымен қарсы ойларын білдіреді. Ол билікті саяси ұйымдастыруда әлеуметтік аспектіні емес техникалық аспектіні алға қояды. Осыған сәйкес мемлекет жекелеген азаматтар мен топтардың еркі мен мүдделеріне аздап көңіл бөлуі тиіс. Олардың қоғам өміріне бағыттау, қызмет етуін бақылау императивтік сипаттағы заманауи техника, оның талаптары арқылы жүзеге асуы қажет деп санайды. «Биліктің аппаратурасы» мен техниканы тиімді пайдалануды жетілдіру мен арттыру, тұтас алғанда, мемлекетті және оның бүкіл саясатын әлеуметтік қарым-қатынастарды рационалды да қатесіз реттеу құралына айналдырады. Осы көзқарастардың дамуына және «ақпараттық қоғамның» пайда болуын негіздеуде Д. Мичн, Р. Джонсон сияқты бірқатар ғалымдар саяси коммуникацияның гиперрационалдық түсініктемесін ұсынады. Аталмыш ғалымдар қоғамдағы әлеуметтік кеселдермен күресте (саяси қақтығыстар, саяси қастандықтар, қауіп-қатерлер т.б.) компьютерлік техника шешуші рөл атқарады деп санайды.

Қазіргі заманғы саяси жүйенің даму тәжірибесі көрсеткендей, қоғамның, алдымен, индустриалдық дамыған мемлекеттердің саяси өмірін ұйымдастыруда техникалық-ақпараттық құралдардың рөлінің артуы сияқты тенденциялар байқалуда. Әсіресе, бұл дауыс беру кезінде (атап айтқанда, интерактивтік байланыстардың электронды жүйесінде), саяси процестерде БАҚ-тың рөлі мен мәнінің артуында, мемлекеттік басқарудағы бұрынғы иерархиялық байланыстарды жоюда, мемлекеттік басқарудың төменгі құрылымдарының дербестігін күшейтуде т.б. қосымша техникалық мүмкіндіктер беруге қатысты. Дегенмен бұл билік институттары мен субъектілерінің әрекет етуін кеңейту мүмкіндіктеріне алғышарт болғанымен, саяси топтар мүдделерінің, олардың арасындағы қақтығыстар мен қарама-қайшылықтарды шешуде жетекші рөл атқармасы анық.